

**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ**

---

Халықаралық қатынастар факультеті  
Факультет международных отношений  
Халықаралық құқық кафедрасы  
Кафедра международного права

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінін  
20-жылдығы және халықаралық құқық кафедрасының 25-жылдығына арналған

**«ЖОО-ДАҒЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:  
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ЖАҢАЛЫҚТАР»** атты

халықаралық оқу-әдістемелік конференциясының

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Алматы, 4 желтоқсан 2015 ж.*

**МАТЕРИАЛЫ**

международной учебно-методической конференции

**«ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ВУЗЕ:  
ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ»,**

посвященной 20-летию факультета  
международных отношений и 25-летию  
кафедры международного права КазНУ им. аль-Фараби

*Алматы, 4 декабря 2015 г.*

**MATERIALS  
of international educational and methodical conference**

**«ENSURING THE QUALITY OF TEACHING IN HIGHER EDUCATION:  
TRADITIONS AND INNOVATION»,**

dedicated to the 20th anniversary of the Faculty  
of International Relations and 25th anniversary of the Department  
of the International Law of the al-Farabi Kazakh National University

*Almaty, December 4, 2015*

Алматы  
«Казак университеті»  
2015

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Шакиров К.Н.</b>	
Факультету международных отношений КазНУ имени аль-Фараби – 20 лет .....	3
<b>Айдарбаев С.Ж.</b>	
Кафедре международного права КазНУ – 25 лет .....	5
<b>Айдарбаев С.Ж., Байтукаева Д.У.</b>	
Инновационные методы в образовательном процессе студентов-правоведов .....	7
<b>Волова Л.И.</b>	
О методике преподавания международного права в современный период .....	9
<b>Айдарбаев С.Ж., Байтукаева Д.У.</b>	
Преподавание международного космического права юристам-международникам .....	13
<b>Титова Т. А.</b>	
Конвенция о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в европейском регионе 1997 года, как элемент механизма реализации права на образование.....	15
<b>Машимбаева Г.А., Сайрамбаева Ж.Т.</b>	
Компетентностный подход в профессиональном вузовском образовании – мониторинг качества образования .....	18
<b>Иванова Е.М.</b>	
Изменения в организации подготовки юристов – требование времени .....	20
<b>Әпенов С.М., Самалдыков М.К.</b>	
Халықаралық құқық мамандығы бойынша студенттерге қылмыстық құқық пәнін оқытудың жалпы және арналы әдістемелері .....	23
<b>Должиков А. В.</b>	
Развитие методики преподавания международного права .....	26
<b>Аманжолов Ж.М.</b>	
Некоторые общие соображения относительно преподавания международного публичного права.....	27
<b>Тусупова А.Ж.</b>	
О целях и методике проведения деловой игры «Избирательный процесс. Президентские и парламентские выборы» (на примере США и Германии ) .....	29
<b>Кислицина Н.Ф.</b>	
Методика преподавания курса «Международный бизнес и права человека» .....	31
<b>Тусупова А.Ж.</b>	
Проблемы реализации компетентностной модели образования.....	34
<b>Баймагамбетова З.М.</b>	
Технология проблемного обучения в вузе .....	37
<b>Tatarinova L. F., Tatarinov D. V.</b>	
The problems of teaching of international humanitarian law by distance learning in a higher education institutions of the Republic of Kazakhstan.....	40
<b>Жайлай Ж.</b>	
Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында инклюзивті білім беру жүйесін енгізуіндің езекті мәселелері .....	44
<b>Сылкина С.М.</b>	
Методика формирования основ правовой культуры в обществе .....	46
<b>Савка И. В</b>	
Интеграция профессиональных знаний и умений будущих специалистов международного права в контексте принципа обучения профессиональной направленности .....	48
<b>Нысанбекова Л.Б.</b>	
В знании – сила!.....	52
<b>Алтаева К.Ж., Ергебек Ш.К., Кудерин И.К., Мендыбаев Е.С.</b>	
Разработка образовательных программ юридических специальностей с учетом ролевых мета-компетенций.....	55
<b>Аюнова З.К.</b>	
К вопросу о смысле и содержании самостоятельной работы студентов в образовательном процессе....	56
<b>Досымбекова М.С., Токтыбеков Т.А</b>	
Әкімшілік реформа жағдайындағы әкімшілік құқыктың білім беру сапасын арттыру (халықаралық құқық мамандығына арналған) .....	60
<b>Өміржанов Е.Т.</b>	
Студенттерге сабак жүргізуде M-learning технологияларды пайдалану .....	63
<b>Жунисов Ж.С.</b>	
Әлеуметтік-құқықтық пәндерді оқыту үдерісіндегі «мәселелі тәсілдемелерді» жетілдіру мәселелері....	66

## **ӘЛЕУМЕТТИК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ «МӘСЕЛЕЛІ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРДІ» ЖЕТИЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Оку үдерісін жетілдіру мәселелері оның негізгі нысандары – дәріс және семинар сабактарынан көрініе табады. Оқытушының дайындығы, пән бойынша материалдарды жеткізуі мен сабак жүргізуі пәнді оқытудағы нақты нәтиже болып табылады. Оку үдерісін жетілдіру үшін пәнді оқыту бірін бірі толықтыратын, оның мазмұны бойынша тығыз байланыста болатын және теория мен тәжірибелі байланыстыра отырып жүзеге асыру керек.

Сабак откізу кезінде оның мәселелі тұстарын қарастыру пәннін зерттелмеген тұстарын және бұрыннан келе жаткан беймәлім жақтары мен ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Құқықтық пәндерді оқыту кезінде оқытудың қалыптасқан тәжірибесіне сәйкес негізгі екі тәсілдемені қарастырганымыз жөн. Олар: «иллюстрациялық-түсіндіру» және «мәселелі» тәсілдемелері.

Бірінші тәсілдеме дайын білімді талқылау мен менгеруге бағытталған. Бұл жерде тақырып не оның жеке сұрақтары туындалап отырған мәселемен бірдейлендіріледі.

Екінші тәсілдеме бойынша оқытушы мәселелерді туыннатады және оларды ситуациялық жағдайлар туыннату, есептер шығару арқылы шешуге тырысады. Бұл тәсілдеме студенттің ойлау қабілетіне, оның жігерлілік, ұйымдастырушылық, жүйелілік және батылдылық секілді тұлғалық сипаттарын қалыптастауда асерін тигізді.

Сонымен қоса, студенттер мәселелерді құрастыру, қалыптастыру және шешу, сондай ақ шешімдердің дұрыстығын тексерумен байланысты творчестволық ізденістерді қарастырады. Бірақ «мәселелі» тәсілдемесін «иллюстрациялық-түсіндіру» тәсілдемесінен оқшаулай алмаймыз. Өйткені, мәселелі тәсілдеменің қолдану оқытудың ертілі әдістері мен нысандарын қолдануды қажет етеді.

«Мәселелілік» қағидасына келесі әдістер қолайлы болып табылады:

- дискуссия;
- диспут;
- іскерлік ойындар;
- сұрақ-жауап;
- есептер шығару.

«Мәселелілік» қағидасын жүзеге асыру сабакта мәселелі жағдайларды қалыптастырудың тәсілдері мен нысандарын анықтауды қарастырады. Оларға мәселелі жағдайларды қалыптастыратын келесідей қайшылықты топтарды боліп көрсетуге болады:

- құқықтық және жеке ғылыми білімдерді дамытуда орын алғатын нақты қайшылықтар;
- ғылым үшін қайшылықтардың қалыптасына негізделген жасанды мәселелі жағдайларды туыннату;
- әлеуметтік-құқықтық ғылымдардың қоғамдық сана деңгейімен, нысандарымен өзара әрекеттесуі үдерісінде туындастырылған қайшылықтар мен мәселелі жағдайлар.

Осы бағытта оку үдерісін жетілдіру дәріс сабағын өткізуге қарасты болады. Дәріс оку үдерісінің орталық, әрі жетекші элементі болып табылады. Тәжірибелі сабактар мен студенттердің өзіндік жұмыстары дәріс сабағының сипатымен анықталады. Олар дәріс кезінде алынған мағұлматтармен бекітіледі және дамытылады. Сол себепті дәріс терен ғылыми, мазмұнды, әдістемелік дұрыс жеткізілуі керек. Дәрістің жетістігі оның көрнекілігіне тәуелді, ал дәріс көрнекілігі тиісті сыйбалармен, слайдтармен және т.б. да қосымша және көрнекі құралдармен байланысты болады.

Оқытушы дәріс сабағына дайындық кезінде нақты біліммен қатар тиісті тәжірибелі машиқтарды да қалыптастыру керектігін естен шығармау керек. Дәрісте студент есте сактайтында, болашакта әртүрлі өмірлік жағдайларда құбылыстарға қарасты озінің жеке ойлау қабілетін қолдануға дайын болауды туындауды мысалдарды қолданғаны жөн.

Сонымен қоса оқытушы дәріс сабағына диалог элементтерін де енгізуі естен шығармағаны дұрыс. Бұған мысал ретінде ғылымдастырушылық-әдістемелік жұмысты талап ететін дәріс кезінде дәріс-конференцияларды атап өтүге болады:

1) тақырып бойынша студенттердің баяндамалармен шығуы;

2) мәселеге қарасты қалыптассан әртүрлі көзқарастарды есепке ала отырып тиісті әдебиеттерді іріктеу.

Осындай аудиториялық сабактың жаңалылығы, студенттерді белсенді түрде қатыстыруға бағытталған нақты мәселелер бойынша алдын ала жоспарланған әртүрлі көзқарастар мен баламалы ұстанымдарды талқылау.

Семинар сабактарын жүргізу кезінде студенттерді қызықтыру, олардың танымдық қызметтерін арттыру және сабакты қызықты өткізумаксызында ситуациялық есентерді қолдану кажет. Өйткені, семинар сабагы студенттердің білімін қалыптастыру, терендешу және тексеру құралы болып табылады. Семинар сабағында оқытушы әртүрлі әдістемелік мысалдарды, көрнекі құралдарды, оқытудың техникалық құралдырын қолдана отырып студенттердің барлығының сабакка белсенді қатысуына кол жеткізуге міндетті.

Оқытушы семинар сабагына дайындық кезінде келесідей мағұлматтар қамтылған оку жоспарын дайындау керек:

- кіріспе сөз мазмұны;
- талқылауға шығарылатын сұрақтар;
- қолдануға кажетті техникалық және көрнекі құралдар;
- бақылау сұрақтары;
- сабак уақытын сұрақтар мен сабак өткізу әдісіне қатысты бөлу;
- өткен сабактар бойынша қайталау сұрақтары және т.б.

Егер оку – оқытушы мен студент қатысатын үдеріс болып табылса, онда семинар сабагы – студенттердің білімді өз бетінше алуы, өз ойын нақты жеткізуі, негізді және дәйекті сөйлеуге үйренуі болып табылады.

Толықанды жоғары білімді танымал оку құралдарын оқумен шектеу арқылы алу мүмкін емес. Ирдегі ғылыми білім ғылыми жаңалықтар мен басқа да зерттеулер нәтижелесінде қалыптасқан ғалымдардың бастапқы, түпдерек енбектерінен алынады. Сонымен қатар, қазіргі кездегі болып жатқан оқиғаларды мерзімдік басылымдар мен әдебиеттерден алу әлемдегі болып жатқан жаңалықтар мен оқиғалармен танысуга, оларды талдауға септігін тигізеді.

Қазіргі уақыттағы студенттер білімін бағалаудың рейтингтік жүйесінің әрекет етуі олардың белсенділігін арттырады, пәнді менгеру нұсқалары мен нысандарын таңдау еркіндігін қалыптастырады. Өз кезегінде оқытушы үшін аталған жүйе студенттердің жұмысы мен білімін бақылауға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, рейтингтік жүйе оқытушы мен студенттер арасындағы тығыз байланысты орнатуға, қатынас көлемін кеңейтуге, студенттердің мүддесі мен қажеттіліктеріне бейімделуға, олардың жеке ерекшеліктерін білу мән ескеруге мүмкіндік береді.

Аталған жүйе студенттерге тиісті балл жинау арқылы олардың білімін шындауға, жетілдіруіне мүмкіндік береді. Студенттердің белсенділігін арттыру, білімін шындау, жеке көзқарастарын қалыптастыру, алынған білімді ұтымды пайдалану мақсатында келесідей нысандардағы жұмыстарды ұсынуға болады:

- 1) семинар сабактарында сөйлеу;
- 2) конференцияларға қатысу;
- 3) баяндамалар мен рефераттар дайындау және қорғау;
- 4) ғылыми жұмыстар дайындау.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерге қатысты қорытындылайтын болсақ, білім сапасын арттыру үшін студенттердің ғылыми ойлау, өзіндік жұмыста нәтижеге кол жеткізу, ғылыми таным әдістерін тиімді қолдану қасиеттерін ұтымды игеруі қажеттілік түсіндайды. Бұл жетістікке жету – оқытушының өз пәні бойынша білімді дұрыс, нақты, кол жетімді түрде тиісті әдістемелерді қолдана отырып жеткізуінде.